

Оқытудың желілік –технологиясына жатады:

- Ғаламтор желісін пайдалану;
- Электрондық поштаны пайдалану;
- Телекоммуникациялық құрылғыларды пайдалану;
- Мультимедиамен жабдықталған, Ғаламторға шығу мүмкіндігі бар желелік компьютерлік класс;

Электронды почта тыңдаушыларға курстың негізгі мәселелері бойынша конфиденциалды хат жазысуға мүмкіндік береді. Электронды почта арқылы ақпаратты жоғары жылдамдықпен жіберу мүмкіндігінің арқасында тыңдаушыға көмек дер кезінде, сұранысты алған соң бірден көрсетіледі. Интернет көмегімен тыңдаушылармен кері байланыс орнатып қана қоймай, олардың оқу қызметін бақылауға, бағалауға болады.

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Тыңдаушылар қашықтықтан оқыту кезінде білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді темптегі өз бетінше жұмыс құрайды. Сондықтан тыңдаушылар өз бетінше жұмыстың техникасы мен әдістемесін, жоғарғы деңгейде білімді өз бетімен толықтыру негіздерін меңгеруі қажет. Сонымен бірге нәтижелі түрде оқу үшін жаңа ақпараттық технологияның құралдарымен жұмыс істей білуі тиіс.

Сонымен, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.// Егемен Қазақстан. – 2012, 15 желтоқсан.
2. Журнал «Информатика и образование». – № 7 – 2006 ж. – 41-45 б.
3. Журнал «Информатика и образование». № – 2 – 2006 ж. – 49-57 б.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ: ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ТӘЖІРИБЕ

Хамзина Күлшат Бакытжановна,
педагогикалық ғылымдар магистрі, аға оқытушы,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
Ермаганбетова Акбота Жаналыковна,
гуманитарлық ғылымдар магистрі
«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің
№ 17 орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Аннотация

Мақалада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласы, қазақ графикасының латын әліпбиіне көшуі туралы қарастырылады.

Түйінді сөздер: Латын әліпбиі, болашаққа көзқарас, қазақ графикасы, алфавит, жаңа түркі алфавиті.

Аннотация

В статье рассматривается статья Первого Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», переход казахской графики на латиницу.

Ключевые слова: Латиница, взгляд в будущее, казахская графика, алфавит, новый тюркский алфавит.

Abstract


The article discusses the article article of the President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev “Looking into the future: modernization of public consciousness”, the transition of the Kazakh graphics to the Latin alphabet.

Key words: Latin, look into the future, Kazakh graphics, alphabet, new Turkic alphabet.

2012 жылғы желтоқсан айында Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы» Жолдауында қазақ әліпбиін латындандыру тақырыбын жандандырып, 2025 жылдан бастап оны латын графикасына көшіруге тапсырма берді. «Біздің балаларымыздың болашағы үшін біз осы шешімді қабылдауға тиіспіз, – деді ол, – және бұл біздің әлеммен бірлесуімізге, балаларымыздың ағылшын және интернет тілдерін терең меңгерулеріне жағдай жасайды, және ең бастысы – бұл қазақ тілін жаңғыртуға серпін береді [1].

Тұңғыш Елбасы 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында бұл мәселені тағы бір мәрте нақтылап, қазақ жазуын латын әліпбиіне көшірудің кезеңдік бөліктерін нақты анықтады [2]. Осылайша қоғамдық сананы толық масштабты жаңғырту басталды. Қазақ жазуының ұлы өркениет жолында дамуы мен қалыптасуының сара жолына айналғаны анық. Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру «Рухани жаңғыру» идеясының аясында жүзеге асырылып жатқандықтан, осы жұмысты кезең-кезеңімен іске асыру үдерісі барысында өздігінен бірқатар өркениетке бастайтын қадамдар жасалады деп күтеміз. Дәлірек айтқанда, жазу реформасының шынайы іске асырылу барасының өзі бүгінге дейін өмір сүріп отырған кейбір заңнамалық құжаттарға өздігінен сұранып тұрған өзгерістерді енгізу мәселесін айқын көрсете отырып, тіл мәселесінің қайта қолға алынуы мен қоғам алдындағы қазақ тілінің беделін арттыруға арналған нақты қадамдар болатыны анық.

Жаңа емле ережесін жасау оңай шаруа емес екені және ғалымдардың тарапынан елеулі жұмыс атқарылғаны белгілі, әсіресе шеттілдік сөздердің жазылу емлесі – нақты еңбектің нәтижесі. Осыған дәлел ретінде көрнекті ғалымдардың біріккен еңбегінің жемісі – <https://www.qazlatyn.kz/> сайты болып табылады.




1-сурет. Басты бет.

Латыннегізді қазақ әліпбиінің емле ережесін көпшілікке таныстыруда жана IT технологиялардың маңызы аса зор. Ш.Шаяхметов атындағы «ТілҚазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының жетекшілігімен латын әліпбиін меңгертуге аса қажетті бірнеше IT жоба әзірленген болатын. Солардың бірі әрі маңыздысы, тікелей латыннегізді қазақ әліпбиіне қызмет ету үшін құрылған Qazlatyn.kz – ұлттық порталы.

Сайттың басты мақсаты ғылым мен техниканың дамыған заманында сауатты сөйлеу, сауатты оқи алу дағдысымен қатар сауатты жазу дағдысын қалыптастыру басты мәселе болып отыр. Латын негізді қаріпке көшу барысында әлі де атарылар жұмыстар аз емес. Дегенмен, уақыт еншісіне бергенмен, қоғам, адам, ғылым, әлем күтіп тұрмасы анық. Сол себепті бәсекеге қабілетті ұлт қоғамын құруда латын әліпбиіне көшу маңызды және уақыт күттірмес мәселеге айналып отыр. Ақпараттың құлағында ойнайтын болашақ ұрпақ үшін мына төмендегі сөздердің дұрыс жазылуын, мағынасын табу қиындыққа соқпасы анық.

Жалпы жобаның құрылымы төмендегі бөлімдерден тұрады:

- Latyn grafikasy negizindegi jaña emle erejelerin meңgertýge arналған beinedárister
- Latyn grafikasyна kóshýge arналған konverter baғdarlamasy мен mátindi qaita kodtaýǵa arналған IT-qosymsha
- Mashinalyq oqytý negizinde tildi oqytýǵa arналған veb-servis
- Memlekettik tilge arналған veb jáne IT infraqurylym qurý (Sozdikqor.kz portaly)
- Latyn grafikasy negizinde túcindirý jumystaryn júrgizý boıynsha beinebloktar
- Balalar men eresekterge arналған latyn álipbiin úretýge arналған onlain-qosymshalar
- Qazaq tilinde biregei kontent qurý



2-сурет. Сөздіктер әлемі.

Мемлекеттік тілге арналған веб және IT инфрақұрылым құру бойынша Sozdikqor.kz порталы әзірленген болатын. Ол – әртүрлі салалық сөздіктер мен энциклопедиялардағы сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін, қазақ тіліндегі көне сөздерді, кірме сөздерді, аймақтық және ақпараттық технологиялардың даму кезеңіндегі жаңа технологиялық сөздердің мағынасын көруге мүмкіндік беретін платформа. «Сөздікқор» порталының іздеу жүйесі арқылы сөздердің дефинициясын, синонимін, антонимін, омонимін, фразеологиялық тіркесте немесе сөйлем ішінде кездесуін бір бетте көруге болады. Сонымен қатар порталдың iOS, Android үшін мобильді қосымшалары мен telegram-бот қосымшасы әзірленген.

Sozdikqor.kz порталы – әртүрлі салалық сөздіктер мен энциклопедиялардағы сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін, қазақ тіліндегі көне сөздерді, кірме сөздерді, аймақтық және ақпараттық технологиялардың даму кезеңіндегі жаңа технологиялық сөздердің мағынасын көруге мүмкіндік беретін платформа. «Сөздікқор» порталының іздеу жүйесі арқылы сөздердің дефинициясын, синонимін, антонимін, омонимін, фразеологиялық тіркесте немесе сөйлем ішінде кездесуін бір бетте көруге болады.

Қазақ жазуы жаңа белеске көтеріліп, жаңаша қадам жасауға талпыныс кезінде жұмыла көтерген жүк жеңіл екенін көрсете білуіміз керек. Емле ережесі түбегейлі өзгермегенімен, жаңа әліпбиімізге енбеген әріптерді басқаша таңбалаудағы болып жатқан өзгеріс барша халыққа түсінікті болмауы мүмкін. Осындай жағдайда барынша үгіт-насихат, түсіндіру жұмыстарының қарқынды болуы қажет-ақ. Әліпбиді тез меңгеру, емле ережелеріне сай жазуға машықтану көпшіліктің күмәнін сейілтіп, жаңа жазуға деген құлшынысын оятары сөзсіз.

Латын әліпбиіне көшу әлемдік өркениет жетістіктеріне бағытталған стратегиялық маңызы зор үрдіс екендігін жақсы түсінеміз. Латыннегізді қазақ әліпбиінің емле ережесінің дамып, қалыптасуын толықтай қолдаймыз, нәтижесінде болашақ ұрпақтың аса зор мақтаныш сезімімен пайдалана алатын төл жазуы қалыптасып, әлемдік өркениетке жол ашылады деген сенімдіміз. Күллі түбі бір түркі халық әдебиеті, мәдениеті астасып, рухани жаңғырудың дара жолы боларына сеніміміз мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан халқына Жолдауы / 14желтоқсан 2012 ж.
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017 ж.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ПЕДАГОГА

Цыганова Алла Дмитриевна,
старший преподаватель кафедры информатики,
Костанайский региональный университет им. А.Байтурсынова, г.Костанай

Аннотация

Өзектілігі. Педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерін қарау.

Мақсаты. Педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы.

Түйінді сөздер: білім беру процесі, қашықтықтан оқыту, цифрлық технологиялар, ақпараттандыру, инновация.

Аннотация

Актуальность. Рассмотрение вопросов формирования профессиональных компетенций педагога.

Цель. Значение информационно-коммуникационных технологий в формировании профессиональных компетенций педагога.

Ключевые слова: образовательный процесс, дистанционное обучение, цифровые технологии, информатизация, инновация.

Abstract

Relevance. Consideration of issues related to the formation of professional competencies of a teacher.

Goal. The importance of information and communication technologies in the formation of professional competencies of teachers.

Keywords: educational process, distance learning, digital technologies, informatization, innovation

В современной системе образования происходят заметные изменения по модернизации образовательного процесса. Учителя всё больше заинтересованы в использовании цифровых технологий в образовательном процессе. Школы стремятся модернизировать учебные классы с использованием современного учебного оборудования, чтобы учителя могли использовать поддержку цифровых технологий для преподавания различных дисциплин.

Согласно концепции модернизации современного образования, основная цель подготовки педагогических кадров заключается в становлении квалифицированного работника соответствующего уровня и профиля, конкурентоспособного на рынке труда, компетентного, ответственного, свободно владеющего своей профессией, владеющего современными педагогическими и информационными технологиями, способного к постоянному профессиональному росту, социальной и профессиональной мобильности. [1, с 108].

В связи с происходящими изменениями образования активными процессами информатизации как ведущего направления модернизации образования возрастает зна-